

Қытай Халық Республикасымен шекара мәселелері жөніндегі келіссөздерді одан әрі жалғастыру туралы және осы келіссөздердегі Қазақстан Республикасы делегациясының құрамы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 2 сәуір N 378. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.06.10. N 944 қаулысымен. ~P970944

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік шекарасы туралы 1994 жылғы 26 сәуірде жасалған Келісімді жүзеге асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара сызығының оның келісілмеген учаскелеріндегі өтуі туралы мәселелерді реттеу үшін келіссөздерді одан әрі жалғастыру қажеттігін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қытай Халық Республикасымен шекаралас Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының біріккен делегациясының құрамында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы шекара мәселелері жөніндегі келіссөздерді одан әрі жалғастыру орынды

деп саналсын.

2. Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы Үкіметтерінің шекара мәселелері жөніндегі біріккен делегациясындағы Қазақстан Республикасы делегациясының қазақстандық бөлігінің құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 2 сәуірдегі
N 378 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей
Федерациясы және Тәжікстан Республикасы Үкіметтерінің
Қытай Халық Республикасы Үкіметімен шекаралық
мәселелер жөніндегі келіссөздер бойынша біріккен
делегациясындағы делегацияның қазақстандық бөлігінің
құрамы

1. Дәненов Н.Ж. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
министрінің бірінші орынбасары,
Қазақстан делегациясының басшысы,
біріккен делегация басшысының орынбасары
2. Тұрарбеков Б.Ш. - Қауіпсіздік кеңесі аппаратының бас
сарапшысы, Қазақстан делегациясы
басшысының орынбасары, біріккен
делегацияның мүшесі (келісім бойынша)
3. Шакиров А.О. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істерінің
аса маңызды тапсырмалар жөніндегі
елшісі, делегация мүшесі
4. Атанов М.М. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істерінің
Шарт-құқықтық бас басқармасының бастығы,
делегация мүшесі
5. Ожигов С.А. - Қазгеодезия бас басқармасы бастығының
орынбасары, делегация мүшесі
6. Қожақов А.Е. - ҚХР-дағы Қазақстан Республикасы
Елшілігінің кеңесшісі, делегацияның
кеңесшісі
7. Проничев С.Е. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік
комитетінің офицері, делегацияның
кеңесшісі
8. Ыбыраев Ш.Н. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
шекараны қорғау жөніндегі мемлекеттік
комитетінің офицері, делегацияның
кеңесшісі
9. Кириллов С.В. - "Алматыгеокарта" Қазгеодезия
кәсіпорнының бас инженері, делегацияның
сарапшысы
10. Рысдәулетов А.К. - Қазақстан Республикасының Сыртқы істерінің

Азия басқармасының екінші хатшысы,
делегацияның сарапшысы

11. Пашенко А.В. - Қазгеодезияның бас маманы, делегацияның
сарапшысы

12. Сәкенов Н.Р. - Қазақстан Республикасының Сыртқыісмині
Шарт-құқықтық бас басқармасының үшінші
хатшысы, делегацияның сарапшысы